

Республикалық және қала көлеміндегі Өзбекәлі Жәнібековтің өмірі мен шығармашылығына қатысты іс-шараларға қатысу.

17.10.2025 ж. күні «Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Ұлт руханияты және Ө.Жәнібек тағылымы» халықаралық форумына Өзбекәлі Жәнібеков орталығының басшысы Э.Б.Оразбаева мен орталық маманы А.М.Абилаханова қатысты. Форум барысында Э.Б.Оразбаева Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ тарихымен және Өзбекәлі Жәнібеков орталығы, «Тұлғатану», «Жәнібековтану» бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырды, Өзбекәлі Жәнібековтің портреті, кітаптары т.б. заттардан тұратын көрме ұйымдастырды. Сонымен қатар орталық маманы А.М.Абилаханова «Өзбекәлі Жәнібеков және ұлттық мұраның жанашыры: ескерткіштерді сақтау мен музейлендірудегі үлесі» тақырыбында баяндама жасады. Түркістан қаласы оқушылар сарайының директоры, «Ұлттық құндылықтар академиясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Түркістан облыстық филиалының төрағасы И.С.Икапова университет логотипі бар Өзбекәлі Жәнібековтің портреті бейнеленген кілемшені сыйға тартты. <https://www.facebook.com/share/r/1ar76QT5Pq/>





**«Ұлттық құндылықтар академиясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің
Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен «Ұлт руханияты және
Ө.Жәнібек тағылымы» халықаралық форумы**
<https://www.facebook.com/share/r/1ar76QT5Pq/>